

Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау ережесін бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 481 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы
№ 1177 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы
16 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының
Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау
ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

2 0

м а м ы р д а ғ ы

N

4 8 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының
2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және
ықтимал жеткізушінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік
сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысу үшін берілетін конкурстық өтінімінің
демпингтік бағасын айқындау тәртібін белгілейді. Z070303

2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Заңға сәйкес
қолданылады. Z070303

2. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі

3. Үкіметтің жеткізушінің конкурстық өтінімінің демпингтік бағасын айқындау кезінде конкурстық комиссия, конкурс қорытындыларын шығарғанға дейін, конкурсқа қатыспайтын өзара аффилиирленбеген кемінде үш жеке және/немесе заңды тұлғалардан конкурс мәніне ұқсас біртекті тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бағасы туралы ақпаратты жазбаша нысанда сұратады.

4. Үкіметтің жеткізушінің тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге (консультациялық қызметтерді; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарды қоспағанда) арналған конкурстық өтінімнің бағасы, егер ол конкурсқа қатысу үшін ұсынылған барлық конкурстық өтінімдердің орташа арифметикалық бағасынан, сондай-ақ конкурсқа қатыспайтын және осы Ереженің 3-тармағына сәйкес конкурс мәніне ұқсас біркелкі тауарлар, жұмыстар мен қызметтер (консультациялық қызметтерді; өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарды қоспағанда) бойынша баға туралы өз ақпаратын берген өзара аффилиирленбеген кемінде үш жеке және/немесе заңды тұлғалардың бағасынан отыздан астам пайызға төмен болған жағдайда демпингтік болып т а н ы л а д ы .

Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 519 қаулыларымен.

5. Үкіметтің жеткізушінің консультациялық қызметтерге конкурстық өтінімінің бағасы, егер ол қатысу үшін ұсынылған барлық конкурстық өтінімдердің орташа арифметикалық бағасынан, сондай-ақ конкурсқа қатыспайтын және осы Ереженің 3-тармағына сәйкес конкурс мәніне ұқсас консультациялық қызметтер бойынша баға туралы өз ақпаратын берген өзара аффилиирленген кемінде үш жеке және/немесе заңды тұлғалардың бағасынан жетпістен астам пайызға төмен болған жағдайда демпингтік болып танылады.

5-1. Үкіметтің жеткізушінің өндірістік және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ өзге де көлемді, жазықтағы немесе желілік объектілерді салуға, қайта жаңартуға, техникалық қайта жарақтандыруға және күрделі жөндеуге арналған мердігерлік жұмыстарға берілген конкурстық өтінімінің бағасы жобалау-сметалық құжаттамада көзделген, мемлекеттік

сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген бағадан отыз және одан көп пайызға артық болған жағдайда демпингтік болып танылады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.27. N 519 қаулыларымен.

6. Осы Ереженің 3-тармағына сәйкес конкурс мәніне ұқсас біртекті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бағасы туралы жазбаша нысандағы ақпарат ұсынылмаған, сондай-ақ баға туралы ақпарат сұрау салу жіберілген күннен бастап бес күнтізбелік күн өткеннен кейін берілген жағдайда, демпингтік баға конкурсқа қатысу үшін ұсынылған конкурстық өтінімдердің бағалық ұсыныстарын салыстыру арқылы айқындалады.

7. Конкурсстық комиссия ықтимал жеткізушілердің конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын конкурстық өтінімдердің демпингтік бағаларын ұсынуы фактісін анықтаған жағдайда, конкурстық өтінімдерді қабылдамау себептерін көрсету мақсатында, конкурстық комиссия конкурстың қорытындылары туралы х а т т а м а ғ а м ы н а д а й а қ п а р а т т ы :

1) бағалық ұсыныстардың түпнұсқалары қоса беріле отырып, конкурсқа қатыспайтын, өзара аффилиирленбеген кемінде үш жеке және/немесе заңды тұлғалардың конкурс мәніне ұқсас біртекті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің осы тауар рыногында сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеттесуі кезінде қалыптасқан бағаларын сұрату нәтижелерін;

2) орташа арифметикалық бағаны есептеу тәртібі;

3) орташа арифметикалық бағаны;

4) бағалары демпингтік деп айқындалған конкурстық өтінімдерді енгізеді.